

# ПРИОЗЕРСКИЙ


№ 49/382

05 декабря 2014 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ! С ДНЁМ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН !

#### Тарих толқынындағы 23 жыл



Еңбек жолымыздың боз-бала шақтан бастаған біз үшін өмірдің ашысы мен тұщысы аз болмағаны рас. Кеңестік қасаң саясаттың теперішін бір кісідей көріп өстік. Ол кездері тұғырынданық тұрған кеңестік жүйенің жойылып, еліміз өз тәуелсіздігін алады деген ой үш ұйықтасаң ойыңа да кірмейтін. Тіпті оны ойлаудың өзі қорқынышты болатын. Ата бабаларымыз ғасырлар бойы армандап, елі мен жерінің өзгеге тәуелді болмауын көксемген, осы мақсатта ұзақ жылдар қанын төгіп, жанын қиған тәуелсіздік 1991 - жылы, яғни мен орда бұзар отыз жасқа иек артқанда төрімізге озды. Сол кездегі менің ғана емес, барша қазақстандықтардың көкірегін кернеген қуанышты сәтті дәл қазір сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Осынау қасиетті тәуелсіздік үшін 1986 - жылғы бұрқасынды желтоқсанда қаншама қыршындарымыз бен боздақтарымыз жандарын құрбан етті ғой. Сонда төгілген қан мен тердің өтеуі қайтқан күн болатын бұл. Бабалардың арман-мақсаты, мұрат-мүддесі жүзеге асқан күн болатын бұл. Бұл жыл мен бұл күннің тарих таспасында мәңгілік орын алатын қасиетті дата болып қалары сөзсіз.

Одан бері бір азаматтың жасы дерлік уақытты араға салып, тәуелсіздігіміздің жиырма үшінші жылын тойлағалы отырмыз. Осынау қиындығы мен қуанышы қатар өрбіген жылдар баршамыздың көз алдымызда өтті.

Бұрын еш хабарымыз болмаған нарықтық жүйеге бел шеше кірісіп кетудің алғашқы кезде өте қиын әрі ауыр болғанына да өзіміз куәміз. Елбасының көшбасшы ретіндегі көрегендігі, даналығы батылдығы, саясаткерлігінің арқасында бүгінгі қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманға қолымыз жетті. Бұны қазір жер шарындағы бүкіл ел мойындады, бізбен санасатын болды. Жасымыз ұлғайып, ғұмыр алға озған сайын тірлігіміз оңалып, әлеуметтік жағдайымыз жақсарып, өміріміз мәнді де, сәнді болып келеді. Еліміз еңсесін көтеріп, етек-жеңін жиды. Өсіп жатқан жас ұрпақтың бойындағы сенімділікті, жігерді, алға ұмтылысты, алдағы күндерге үміт пен мол жетістіктерге деген құштарлықты көріп, қуанышқа батамыз. Олардың бақыттарының баяндылығына, осындай тыныш, тәуелсіз, бірлігі мен татулығы мығым, ынтымағы мен берекесі жарасқан елдің ұрпақтары жетіліп келе жатқандығына сеніміміз нығая түседі. Күн сайын алға қарыштап, дамып, жаңарып жатқан заманда жастардың алғыр, білімді, еңбеккер болуы керектігін олар жете ұғынады деп ойлаймын. Себебі елдің дамуы мен өркендей түсуі солардың қолында екенін Елбасымыз әрдайым айтып келеді және жастар үшін барша қолайлылықтар мен жағдайды жасауда.

Тарих толқынындағы 23 жылды артқа тастаған Қазақстанның болашағы – жарқын, келешегі – кемел екендігіне сеніміміз кәміл. Оған біздің еліміздің мүмкіндігі мен қуат – қарымы жетеді. Барша жерлестерімді және сайлаушыларымды Тәуелсіздік күні мерекесімен шын көңілден құттықтаймын және жеңісіміз бен жеңісіміздің мольнан болуын тілеймін!

**Амандық Серіков**  
облыстық мәслихаттың депутаты

#### Құрметті приозеркілік сайлаушыларым! Сіздерді еліміздің Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіздікке қол жеткізген 23 жыл ішінде Сіздер мен біз осынау ең қасиетті ұғымды жүрегімізге ұялатып үлгердік. Егемен елдің ертені баянды болуы үшін, елдің дамуы мен өркендеуі жолында Сіздердің де аянбай тер төгіп, еңбек етіп, өздеріңіздің тұрып жатқан қалаларыңызды көркейтуге, әлеуметтік жағдайларыңызды жақсартуға мольнан үлестеріңізді қосып келе жатқандарыңызға куәміз. Тәуелсіздік тұғырының бекем және мәңгі болуы да Сіздердің қолдауларыңызда. Ауызбіршілік, татулық, ынтымақ пен береке бар жерде жетістік пен жеңіс те болмақ. Бұндай игі қасиеттер мен ізгі ниеттің қала тұрғындарының бойынан табыларына сенемін.

Барша қала тұрғындарына мықты денсаулық, баянды бақыт, отбасыларына береке-бірлік, ырыс – құт тілеймін!

**Амандық Серіков**  
облыстық мәслихаттың депутаты

#### Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Желтоқсанның екпінімен келген Тәуелсіздіктің біз үшін орны қашан да бөлек. Сондықтан да «толарақтан саз кешкен» батыр бабаларымыздың әр жылда төгілген қанының, ұлы мұраттар жолында құрбан болған асыл азаматтарымыздың асқақ армандарының, сәбін білегімен, даласын жүрегімен тербеткен аналарымыздың аққан жасының, Жаратқаннан тілеген медетінің арқасында қол жеткізген Тәуелсіздікті біз әрқашан мақтан тұтып, қастерлей білуге тиістіміз. Біле білсек, бұл біздің азаматтық парызымыз, адамдық борышымыз.

Еуразия жүрегінде, өркеніеттердің ұштасқан орталығында талай ұлт пен ұлыстың қызырлы мекеніне айналған ұлы Далада азат елдің азаматы атанғаннан асқан бақыт жоқ. Тәуелсіздіктің тал бесігінде тербеліп, қыран құсы қалықтаған көк аспанымыздың астында баянды да бақытты ғұмыр кешулеріңізге тілектестіміз!

Құрметпен:  
Қала әкімі әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

#### Независимости Казахстана 23 года



В этом году независимости Казахстана исполняется 23 года. День государственной независимости Республики, который ежегодно отмечается 16 декабря, является национальным праздником. Выбор даты празднования был сделан не случайно. В 1991 году в этот день Верховным Советом был принят закон о Независимости Республики и государственном суверенитете Казахстана. Ровно через год президентом Нурсултаном Назарбаевым был подписан указ о государственном суверенитете Казахстана, после чего был принят закон о независимости Республики и государственном суверенитете Казахстана.

Помимо ряда экономических реформ после подписания независимости Казахстана было проведено и политическое реформирование, что привело к заметному повышению авторитета Республики на международном уровне. Сегодня Казахстан – лидер Центральноазиатского региона, который интенсивно развивается последние годы. Значительных успехов в экономике Республика добилась благодаря структурной перестройке экономической системы, которая в основном опиралась на добывающие отрасли промышленности, типичная схема для эпохи СССР. Благодаря мудрой политике Президента страны Н.А. Назарбаева, за годы независимости Казахстан достиг фантастических достижений в развитии экономики и благосостояния граждан, в отношениях с другими странами, что признано мировым

сообществом. В своем Послании народу Казахстана «НҰРЛЫ ЖОЛ – ПУТЬ В БУДУЩЕЕ» Президент страны отметил, что начатые программы развития образования, здравоохранения, сельского хозяйства будут продолжены. Далее Президент сказал: «Новая Экономическая Политика «Нұрлы Жол» - наш глобальный шаг на пути в число 30 самых развитых стран мира. Сегодня созданы все необходимые условия для успешной работы. Проведена административная реформа, работает новая структура Правительства и исполнительной власти. Новая Экономическая политика «Нұрлы Жол» станет двигателем роста нашей экономики на ближайшие годы. Впереди – большая и ответственная работа. Чтобы пройти глобальный экзамен на зрелость, мы должны быть сплоченными. Мы должны крепить доверие между всеми казахстанцами! Быть толерантными друг к другу! Это ключи к будущему Казахстана. Межэтническое согласие - это живительный кислород. Мы не замечаем его, когда дышим, делаем это автоматически - мы просто живём. Мы должны сами беречь наше единство и межэтническое согласие. Извне, никто и никогда не придет делать это за нас. Наша молодежь растёт в новой, независимой стране. Нынешнее поколение не видело межэтнических войн и конфликтов, разрухи 90-х годов. И многие воспринимают стабильность и комфортную жизнь в Казахстане как нечто положенное от рождения».

Мы, казахстанцы, уверены, что идеи и задачи, намеченные в послании Президента Казахстана Н.А. Назарбаева, воплотятся в жизнь и мы будем жить в самой «лучшей» и «безопасной» стране мира.

В этот торжественный день искренне, от всей души желаем всем Вам крепкого здоровья, мира и согласия, успехов и благополучия Вам и Вашим семьям!

Пусть процветает наша Родина — Независимый Казахстан!

**Б. Кенжебеков,**  
главный редактор газеты  
«Приозерский вестник»

#### Уважаемые жители города!

Поздравляем Вас С Днём Независимости Республики Казахстан!

Независимость Республики Казахстан пришла в результате борьбы казахского народа за свою независимость. Народ всегда жаждал независимости, сколько крови было пролито на пути к свободе.

Находясь в центре Евразии наш народ обрел счастье в многонациональной стране. Представители более 100 национальностей живут и трудятся в единой стране вместе с казахским народом, преумножая славу нашего государства.

В этот праздничный день желаем Вам здоровья, удачи, поддержки Ваших родных и близких!

С уважением:  
Акима города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков





